

**2014 жылғы 17 ақпанда «Қазақстан Республикасының  
денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға  
арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске  
асыру барысы туралы» деген тақырыпта өткен  
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі С.З. Қайырбекованың «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы» баяндамасын тыңдай келіп, мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

1. Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жалдауында айқындалған денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдықтарды кешенді әрі тиімді іске асыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) одан әрі орындау жөніндегі қажетті шараларды:

- амбулаториялық деңгейде бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің қағидаттарын тиімді іске асыруды;
- отбасылық медицинаны басым түрде дамытуды;
- бастапқы буындағы медицина жұмыскерлерінің сапалы білім даярлығын;
- көрсетілетін медициналық көмектің және халықтың ауруларға қарсы тиімді профилактикасының деңгейін арттыру бойынша учаскелік қызметті ынталандыру жүйесін жетілдіруді;
- жастар денсаулығы орталықтары жүйесінің тиімді жұмыс істеуін;
- халықтың бастапқы медициналық-санитариялық көмек алу жөніндегі өз құқықтары туралы кеңінен хабардар болуын;
- саламатты өмір салтын насихаттаудың нысандары мен әдістерін күшейтуді қамтамасыз ете отырып, жеке медицина ұйымдарын белсенді түрде тарту арқылы бастапқы медициналық-санитариялық көмектің әлеуметтік бағдарланған моделін дамыту жолымен қабылдасын.

3. Негізгі проблемалы мәселелерді атап көрсете отырып, Мемлекеттік бағдарламаның өткен үш жыл ішінде орындалуына талдау жүргізісін, жүргізілген талдау нәтижелері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ұсына отырып, сондай-ақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында орналастыра отырып оларды шешу жолдарын айқындасын.

4. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі мен Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылды күшейтсін.

5. Халықтың түрлі санаттарының медициналық қызметтерге тең қол жеткізуі, жүйеге қатысушылар құқықтарының қорғалуына мемлекеттік кепілдіктер, сақтандыру жарналарын нысаналы пайдалану және азаматтарды саламатты өмір салтын жүргізуге ынталандыру қағидаттарына негізделген Қазақстан Республикасында міндетті медициналық сақтандыруды енгізу мақсатында денсаулық сақтау ұйымдарының құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне талдауды жүзеге асырсын.

6. Мүдделі мемлекеттік органдармен (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен, Әділет министрлігімен) бірлесіп Қазақстан Республикасына көшіп келушілердің арасында туберкулезбен ауыратын адамдарды бақылау мәселелерін енгізіп, туберкулезге қарсы күрес мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлесін.

7. Халықты скринингтік тексеріп-қарауды жүргізу нәтижелерін қарастырсын, олардың негізділігі мен қауіпсіздігіне талдау жүргізісін.

8. Орта білім беретін мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасында жастардың ұрпақты болу денсаулығының бұзылуын себеп болып табылатын аурулардың профилактикасы жөніндегі шаралар жүйесін әзірлесін.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп барлық мемлекеттік басқару буындарының нақты жауаптылығын белгілей отырып, мектеп оқушыларының дене еңбегі жүктемесінің бейімделген нормативтерін әзірлесін.

10. Халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, оңалту қызметтерін құру және дамыту, оңалту орталықтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

11. Пациенттердің белгілі бір контингентіне паллиативтік көмек бағдарламасын әзірлеп, енгізісін.

12. Бірыңғай ақпараттық денсаулық сақтау жүйесін (БАДСЖ) құру және енгізу проблемаларына жүйелі талдауды жүзеге асырсын. Дербес ақпараттың құпиялылығы мен оны қорғау жөніндегі заңнама талаптарын ескере отырып, жеке медицина ұйымдарының ақпараттық жүйелерін БАДСЖ-нің кіші жүйелерімен ықпалдастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын. Бірыңғай операциялық тұғырнама базасында БАДСЖ-нің тиімді моделін әзірлесін және сарапшылық қоғамдастыққа оның жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары мен индикаторларын талқылауға ұсынсын. Әрбір пациенттің электрондық паспортын енгізуді жеделдетсін.

13. Ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды әзірлесін. Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің қолданыстағы нормативтеріне талдау жүргізісін және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізісін. Сирек мамандық қызметтерін қоса алғанда, медициналық қызметтерге, оның ішінде ауыл халқының қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын. Пациенттердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық кеңестің, бизнес-қауымдастықтардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен ауруларды диагностикалау және емдеу стандарттарын оларды жаңғырту мақсатында ревизиялауды жүргізісін.

14. Әрбір жұмыс беруші деңгейінде денсаулыққа ынтымақты жауаптылықты іске асыру тетігін әзірлеуді: жұмыскерлердің профилактикалық тексеріп-қараудан өтуі үшін, жұмыскерлердің денсаулығын сақтап тұру, нығайту және олардың саламатты өмір салтын жүргізуі үшін жұмыс берушілердің жағдай жасауын қамтамасыз етсін.

15. Медициналық қызметтер мен фармөнімдердің сапасын қамтамасыз ету және оған бақылау мен мониторингті күшейту жөніндегі шараларды қабылдасын.

16. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы құқықтық базаны Еуропалық одақтың заңнамасымен үндестіру жөніндегі шараларды қабылдасын.

17. Халықаралық тәжірибені зерделей отырып, 2020 жылға дейінгі ұлттық дәрілік саясатты әзірлеп, бекітсін.

18. Бизнес-қауымдастықтар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, Еуропалық одақ талаптарына сәйкес дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу жүйесін жетілдірсін.

19. Бизнес-қауымдастықтар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тарапынан тұрақты бақылау жүргізіле отырып, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККБК) шеңберінде медициналық ұйымдарға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың үздіксіз жеткізілуін, сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету мақсатында дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, сондай-ақ медициналық қызметтерді жоспарлау және сатып алу жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

20. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау, осы салаға инвестициялар тарту үшін жағдай жасау жөніндегі құқықтық және экономикалық тетіктерді әзірлеу бойынша шаралар қабылдасын.

21. Пациент үшін тәуекелдерді болғызбау мақсатында, тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) стандарттарына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау сапасын арттыру арқылы олармен қамтамасыз ету жүйесін практикаға енгізу туралы мәселені қарастырсын.

22. Қоғамдық бірлестіктердің, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тарапынан тұрақты бақылау жүргізе отырып, «Фармация» СК, «ҚазМедТех» АҚ тарапынан дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асыру кезінде бағаларға тиімді мониторинг жүргізу, сондай-ақ пациенттердің өмірі мен денсаулығына олардың қауіпсіздігі жөніндегі шараларды қабылдасын.

23. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік реттеу сапасын арттыру мақсатында бірыңғай орган – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетін құру жөніндегі мәселені қарастырсын.

24. Медицина ғылымын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес оның қолданбалы мақсаттары мен міндеттерін жаңарта түсіп, инновациялық сипатын күшейте отырып медицина ғылымын дамытуды қамтамасыз етсін.

25. Халықаралық стандарттар деңгейіне қол жеткізу мақсатында денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлаудың (қайта даярлаудың) және сапасын бағалаудың қазіргі жүйесін жаңғырту жөнінде ұсыныстар дайындасын. Ауылдық жерлерде медицина кадрларының тапшылығын азайту жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды қабылдасын.

26. Денсаулық сақтауда инвестициялық бағдарламаларды пациенттердің қажеттілігі мен контингентіне міндетті талдаудың жүргізілуі, даярланған кадрлардың, сондай-ақ медициналық қызметтерге шынайы сұраныстың болуы кезінде жүзеге асырсын.

27. Денсаулық сақтау жұмыскерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа моделін әзірлеу және оларға әлеуметтік кепілдіктер пакетін қалыптастыру жөніндегі тиімді шараларды қабылдасын.

28. Денсаулық сақтаудағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің негізгі қағидаттарын, тетіктерін, модельдерін айқындасын, сондай-ақ ел өңірлерінде оларды іске асырудың кезең-кезеңдік жоспарын әзірлесін.

29. Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысына бөлінетін қаражаттың жұмсалыуына тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін.

30. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен бірлесіп министрліктің есептік деректерінің анықтығы жөнінде жұмыс жүргізсін.

31. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» және «Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің орындылығы туралы негізделген шешімді дайындай отырып, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізсін.